



QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№4 (1962) 10 АҚПАН 2025 ЖЫЛ



Ректор Мәскеуде ғылыми конференцияға қатысты



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев «Әлемдегі трансформациялық қиындықтар жағдайындағы қазіргі университеттің миссиясы» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысып, баяндама жасады. Ауқымды шара Мәскеу қаласындағы Патрис Лумумба атындағы Ресей халықтар достығы университетінде өтті.

Конференцияға Ресей Федерациясы ғылым және жоғары білім министрінің орынбасары Денис Секиринский, Қазақстан Республикасы Президентінің ғылым және инновациялар мәселелері жөніндегі кеңесшісі Күнсұлу Закария, РХДУ президенті Владимир Филиппов, РХДУ ректоры Олег Ястребов,

Орталық Азия ЖОО-ларының ректорлары, халықаралық сарапшылар, белгілі ғалымдар – барлығы 800-ге жуық адам жиналды.

Ресей халықтар достығы университетінің 65 жылдығына орай ұйымдастырылған іс-шараның мақсаты – жоғары білім мен ғылым саласындағы түйткілді мәселелерді

бірлесіп шешу және әріптестік байланысты арттыру.

Конференция жұмысын РФ ғылым және жоғары білім министрінің орынбасары Денис Секиринский ашып, ғылымды дамытуда университеттің рөлі айрықша екеніне тоқталды. Осы тұрғыда түрлі салаға маман даярлайтын жоғары оқу орындарына талап пен үлкен жауапкершілік артылатынын баса айтты.

Пленарлық отырыста Жансейіт Түймебаев «Жаңа формация мамандарын қалыптастырудағы заманауи ғылыми-білім беру хабтарының рөлі» тақырыбында баяндама жасап, осы бағыттағы ҚазҰУ тәжірибесімен бөлісті.

Сондай-ақ өз сөзінде ректор ҚазҰУ мен Ресей ЖОО-лары арасындағы ынтымақтастық күн санап артып келе жатқанына тоқталды. Нәтижесінде Ресейдің МИФИ ҰЯЗУ филиалы ҚазҰУ базасында ашылса, ҚазҰУ филиалы тұңғыш рет Омбы қаласында іске қосылғанын атап өтті.

Халықаралық конференция жұмысы түрлі тақырыптарға арналған секцияларда жалғасты.

Нұрсұлтан
БАЗАРБАЙҰЛЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев АҚШ-тағы Penn state (Пенсильвания) университетінің магистратура және халықаралық бағдарламалар бойынша заң факультетінің вице-деканы Стивен Барнс пен «Мамандығым – болашағым» жобасының жетекшісі Самғат Ермекебаевты қабылдады.

Қос университет арасындағы ынтымақтастық



Сұхбат барысында әріптестер жоғары білім және ғылым саласындағы серіктестікті арттыру бойынша пікір алмасты.

Жансейіт Түймебаев бұған дейін де Стивен Барнспен кездесіп, ҚазҰУ базасында Пенсильвания университетімен бірлескен ғылыми орталық немесе филиал ашуды ұсынған болатын. Ағымдағы жүздесуде тараптар аталған бастама бойынша алдағы уақытта жүйелі жұмыс істеуге және арнайы жұмыс тобын құруға уағдаласты.

Өз кезегінде Стивен Барнс

илтипат білдіргені үшін оқу ордасының басшылығына ризашылығын жеткізіп, қос университет арасындағы ынтымақтастықты дамытуға бағытталған барлық бастамаларды қолдайтынын жеткізді. Сонымен қатар ҚазҰУ студенттерін Пенсильвания университетіне оқуға шақырды.

Кездесуден соң құрметті қонақтар «Farabi Hub» орталығына барып, ондағы ғылыми орталықтар мен зертханалардың жұмыс нәтижелерімен танысты.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ



4-бет
Атиланы
әлемдік
деңгейде
зерттеуші



5-бет
Ұшқыр
қиял,
кеттің алыс...



8-бет
Досжанның
философиялық
фотоальбомы



ҚазҰУ жобаларын Азия даму банкі қолдайды

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Азия даму банкінің делегациясы жұмыс сапарымен келіп, университет басшылығымен кездесті.



Қазақстандағы Тұрақты өкілдіктің (KARM) жобалары бойынша аға маман Арыстан Ғалиев АДБ делегациясы сапарының мақсаты туралы баяндап, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің сұрауы бойынша Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға инновациялық жобаларын іске асыруға қолдау көрсетуге дайын екендіктерін жеткізді. Азия даму банкінің әлеуметтік сектор жөніндегі бас маманы Синь Лонг ҚазҰУ ұжымына жылы қабылдағаны үшін алғыс білдірді. Ол ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбекпен кездескені жайында және оның барысында ғылыми зерттеулерді коммерциализациялау, жаңа технологиялар мен әзірлемелер есебінен экономикалық жетістікке қол жеткізу мүмкіндіктері мәселелерін талқылағандарын айтты. «Азия даму банкі ҚазҰУ-дың алдыңғы қатарлы жобаларын іске асыруға қолдау көрсетуге дайын. Біз бірлескен жұмыстың, әсіресе жаңа технологияларды зерттеу саласында және оны енгізудегі перспективті бағыт-

тарын көріп отырмыз», – деп атап өтті ол.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма Төрағасының орынбасары – бірінші проректор Еркін Дүйсенов зерттеу университетінің соңғы жетістіктері туралы баяндап, ақпараттық технологиялар факультетінің Жасанды интеллект және BIG data кафедрасының жұмыстары туралы баяндады. Қазіргі уақытта кафедрада бакалавриат, магистратура және докторантураның 10-нан астам білім беру бағдарламасы бойынша мамандар даярланады. Бұл факультетте жасанды интеллект, заттар интернеті, цифрлық сыңар және қазақ тілінің үлкен тілдік үлгілерін әзірлеу бойынша ғылыми жобалар жүргізілуде. Маңызды жобалардың бірі – «Қазақ тілі мен

технологиялық прогресті қолдау үшін үлкен тіл моделін (LLM) құру» мегажобасы. Оны ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті 1 млрд теңгеден астам сомаға қаржыландыруда.

Өз кезегінде университеттің Коммерциализация және креативті индустрия орталығының директоры Алмас Гаухар бірлескен күш-жігер креативті экономика саласындағы стартаптар мен бастамалар үшін қолайлы экожүйені құруға ықпал етуі мүмкін екенін атап өтті.

Кездесу барысында тараптар бірлескен зерттеулер мен тағылымдамадан өту бағдарламаларын қоса алғанда, одан әрі ынтымақтастық бағытындағы нақты қадамдарды талқылады.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ



«Farabi Robotics»

ОРТАЛЫҒЫНА ЭКСКУРСИЯ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Робототехника күніне арналған іс-шара өтті. Жиынға келген қонақтар үшін «Farabi Robotics» индустриалды робототехника орталығына экскурсия ұйымдастырылды.



Фараби робототехника орталығының мамандары қонақтарға әртүрлі салаларға арналған роботты жүйелерді әзірлеу және енгізудегі жетістіктерді көрсетті.

Іс-шарада ҚазҰУ-дың Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор Алтай Қазмағамбетов құттықтау сөз сөйлеп, орталық өнеркәсіп үшін озық роботтандырылған жүйелерді әзірлеп қана қоймай, аталған әзірлемелерді оқу процесіне енгізудің бірегей мүмкіндігіне ие екенін айтты.

Өз сөзінде проректор: «Ғылым, білім және өнеркәсіп ынтымақтастығы арқылы біз еліміздегі инновациялық өзгерістердің қозғаушы күші болатын экожүйені құра алатынымызға сенімді мол», – деп атап өтті.

Өнеркәсіптік робототехника және роботтандыру саласындағы инженерлік құзыреттер орталығы Дүниежүзілік банктің жобасы шеңберінде құрылды. Бұл Алматы қаласы бойынша «Инновациялық технологиялар паркі» дербес кластерлік қорының филиалымен серіктестікте «Өндірістік сектор консорциумдары: құзыреттер орталығы» гранты бойынша бірлескен

еңбектің нәтижесінде мүмкін болды.

Салтанатты шарада Халықаралық инженерлік академияның вице-президенті Амандық Төлешов, AlmaU президенті Асылбек Қожахметов, Алматы қаласы бойынша АҚК ИТП Индустрия 4.0 департаментінің сарапшысы Сәбит Рашев, АММКЗ директоры Максим Тарасов және басқалар сөз сөйледі. Баяндамашылар робототехника және цифрландыру саласындағы болашақ мамандардың біліктілігін арттыру үшін осындай орталықты құрудың маңыздылығына баса назар аударды.

Шара қонақтары жүйелерді автоматтандыруға, өндірісті оңтайландыруға және жасанды интеллект пен машиналық оқыту сияқты жаңа технологияларды дамытуға бағытталған роботтық шешімдермен танысты.

Алдағы уақытта жаңа орталық базасында түрлі білім беру бағдарламаларын, зерттеу жобаларын өткізу және робототехника саласындағы жетекші әлемдік университеттермен және компаниялармен ынтымақтастық жоспарлануда.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ



Жас ғалымдар пәтер алды

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың жас ғалымдары жаңа пәтердің сертификатын иеленді.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ғалымдардың әлеуметтік мәртебесін көтеру, ғылымға жас кадрлардың келуін ынталандыру мақсатында еліміздің ғылыми элитасының лайықты өкілдеріне қолдау көрсетуді тапсырған болатын. Осылайша республикалық комиссия Алматы қаласында пәтер беру үшін мемлекеттік органдарға ведомстволық бағынысты ғылыми ұйымдар мен жоғары оқу орындарының жас ғалымдарының тізімін анықтаған.

Еліміздің жас, талантты ғалымдарына тұрғын үй сертификаттарын салтанатты түрде тапсыру рәсімі

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің кеңейтілген отырысында өтті. Жаңа пәтер иелерінің қатарында ҚазҰУ ғалымдары да бар. Олар химия және химиялық технология факультетінің Жалпы және бейорганикалық химия кафедрасының доценті міндетін атқарушы Қайрат Кеңес, ақпараттық технологиялар факультетінің Жасанды интеллект

және Big Data кафедрасының аға оқытушысы Шолпан Тлетай, химия және химиялық технология факультетінің Физикалық химия, катализ және мұнай химиясы кафедрасының аға оқытушысы Камилла Абдильдина. Жас ғалымдарға Alma City, 4/2 тұрғын үй кешенінен екі және үш бөлмелі пәтерлер берілді.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Атаулы шәкіртақы лайықты студенттерге табысталды



Көрнекті тарихшы ғалым, профессор Дина Дулатованы еске алуға арналған «III Дулатова оқулары» аясында «Қазіргі кезеңдегі отандық тарих ғылымының дамуы және оның бағыттары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Конференцияға елімізге белгілі ғалымдар, ұлағатты ұстаздың шәкірттері және онлайн форматта шетелдік тарихшылар қатысты.

Халықаралық конференцияның ашылу салтанатында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Ж.Түймебаевтың арнайы құттықтауын университеттің әлеуметтік даму жөніндегі проректоры, доцент С.Суатай таныстырып, университет басшысының конференция жұмысына ғылыми табыс тілейтінін жеткізді.

Конференцияның пленарлық мәжілісінде ҚР ҰҒА академигі, Халықаралық «Қыпшақтану» орталығының директоры, т.ғ.д., профессор Б.Көмеков алғашқы болып сөз алды. Ол естелігінде академик Дина Исабайқызының жеке басындағы қасиеттеріне назар аударып, оның турашылдығына, әділеттілігіне, принципшілдігіне, ғылыми көзқарасына тоқталды. Академик Б.Көмеков академияның Тарих институтында «Ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы» бөлімін басқарса, Д.Дулатова ұлттық университетте Ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы кафедрасына жетекшілік етіп, екі ғылыми мекеме арасында жақсы байланыстың болғанын ерекше атап өтті.

Келесі баяндаманы ҚР ҰҒА академигі, Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры, тарих ғылымының докторы М.Қойғелдиев жасады. Ғалым өз баяндамасында Дина Исабайқызының ата-анасы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің алғашқы түлектері болғанын, осындай отбасынан шыққан Дина Исабайқызының ата-ана жолын қуып, білім мен ғылымға бет бұрғанын, анасының көп жылдар бойы Алматы қаласындағы жалғыз қазақ-

тілді №12 мектептің директоры болғанын атап өтті. Профессор Д.Дулатованың ғылымға деген сүйіспеншілігі, тула бойы ұстаздық болмысы ата-анасынан берілген тәрбиенің септігі болса керек деген ойды білдіре келе, ол Дина Исабайқызының ғылыммен бірге оқу үдерісін қатар алып жүргенін, факультет басшысы қызметінде факультеттің оқу, тәрбие жұмысын жолға қойып, артынан көптеген шәкірттерді ерте білгеніне ерекше тоқталды.

Археология және антропология ғылыми-зерттеу институтының бас маманы, тарих ғылымының докторы, профессор, археолог, ғалым Мадияр Елеуов өзінің ұстазы Дина Исабайқызының шәкірт тәрбиелеудегі ерекше қасиеті мен қажырлы еңбегінен мәліметтер беріп, алғашында қаталдау көрінгенімен, жүрегі жұмсақ, студенттеріне өзінің туған баласындай қараған ұстазының ерекше қасиеттеріне тоқталды.

ҚР Әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі, тарих ғылымының докторы, профессор Қалқаман Жұмағұлов өз сөзінде мынадай фактілерге көңіл аударды. Дина Исабайқызы 1972-77 жж. тарих факультетінің деканы қызметін атқарады. 1984 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі президиумының Құрмет грамотасымен марапатталды. 1988 жылдан Қазақ КСР тарихы кафедрасының меңгерушісі, 1993 жылы Қазақстанның ежелгі және орта ғасырлар тарихы кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды. Дарынды ғалым өмірінің соңғы айларына дейін ҚазҰУ-дың Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры қызметін атқарып, студенттерге дәріс жүргізді. Тарих факультетінде

Д.Дулатова есімі берілген аудиторияда бүгінде факультет студенттеріне дәріс сабағы өтеді.

Одан кейін М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Өзбекстан Республикасындағы Шыршық филиалының ректоры, ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымының докторы, профессор Д.Қожамжарова баяндама жасады. Ол баяндамасында ұстазы Дина Исабайқызы туралы жылы лебізін білдірді. Ұлағатты ұстаз жұмыс бабында талапшыл, адамгершілік қасиеті мол болғанын, Дина Исабайқызы мәдениетті, әлеуметтік ортаға бейімді, университеттің қоғамдық жұмысына белсенді араласқан қарапайым жан болғанын ерекше атады.

Пленарлық мәжілісте Дина Дулатова туралы т.ғ.д., профессор М.Әбдіров, ҚР ҰҒА академигі, қазіргі таңда Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымының докторы, профессор Б.Көрібаев, тарих ғылымының докторы, профессор А.Қалыш, тарих ғылымының докторы, профессор Г.Сұлтанғалиева және үзегілес әріптестері және тағы басқа ғалымдар баяндама жасады.

Конференцияның соңында пленарлық мәжілістің модераторы – тарих факультетінің деканы, тарих ғылымының докторы Д.Байқоңақов Дина Исабайқызының Уфа қаласында тұратын қызы Шолпан Нариманқызына сөз кезегін берді. Ол конференцияға қатысып, анасы туралы естелік баяндамалар жасаған көрнекті ғалымдарға, шәкірттеріне және конференцияны ұйымдастырушы Қазақстан тарихы кафедрасының ұжымына алғысын білдірді.

Шолпан Нариманқызы тарапынан дайындалған «Д.И.Дулатова» атындағы атаулы шәкіртақы тарих факультетінің үздік және республикалық, халықаралық олимпиада жеңімпаздары атанған студенттерге берілді.

Гүлнар ҚОЗҒАМБАЕВА,
Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры, т.ғ.к.

Үздік оқытушыға бес сауал

Мәншүк МӘМБЕТОВА, филология ғылымының кандидаты, Түркітану және тіл теориясы кафедрасының аға оқытушысы:

Білім алуға үстірт қарауға болмайды

1. Сіздіңше, ЖОО-ның «Үздік оқытушысы» қандай болуы керек, қандай талаптарға (педагогикалық, психологиялық және т.б.) жауап беруге тиіс?
2. Пәніңіз бойынша оқу бағдарламасы көңіліңізден шыға ма, сіздің ойыңызша, оны жетілдіру үшін не істеуге болады?
3. Білікті маман даярлауда қандай жетістіктеріміз бар, атай аласыз ба?
4. Жастардың білім деңгейі көңіліңізден шыға ма?
5. «Қоғам сауатсызданып барады» деген көзқараспен келісесіз бе?

1. Меніңше, ЖОО-ның «Үздік оқытушысы» ең алдымен өзінің зерттеу бағытын жетік меңгерген білікті, тәжірибелі, кәсіби маман болуы қажет. Үздік оқытушы айқындалған зерттеу саласы бойынша өзіндік мектебін қалыптастыра білетін, шәкірттерін ғылым мен білімге қызықтыра отырып баптап алатын, заманауи үрдістермен қатар жүретін, креативті ойлауға машықтанған оқытушы. Сондай-ақ ол үздіксіз ізденетін, ішкі мәдениеті жоғары, ұлттық рухани құндылықтарды дұрыс дәріптейтін шынайы педагог.

2. Біздің оқу орнымызда пәннің оқу-әдістемелік кешенін пән оқытушысы өзі құрастырады. Яғни жеке оқытушының жауапкершілігіне жүктелетін жауапты іс. Демек, пәннің оқу бағдарламасын құрастыруда классикалық ғылыми әдебиеттерден бастап, соңғы зерттеулердегі ғылыми тұжырымдарды, ақпараттық технология жетістіктерін пайдаланып, оны жылдан-жылға жаңартып, толықтырып отырсақ, әрине, көңілімізден шығады. Осы тұрғыдан алғанда, оқу бағдарламаларын заманауи талапқа сай жетілдіріп отыру абзал.

3. Университет оқытушылары құрастырып ұсынатын оқу бағдарламалары білікті маман даярлаудағы негізгі жетістіктеріміздің бірі деп ауыз толтырып айтуға болады. Себебі оны арнайы саланың мамандары жан-жақты ізденіп құрастырады. Қажет болған жағдайда жаңартып отыратын пәндерден тұратын оқу бағдарламасы дәл қазіргі уақыттағы талаптарды ескереді. Негізінен, теория мен практиканы ұштастыра жасалады. Осы тұрғыдан алғанда оқу бағдарламалары құнды саналады.

4. Мысалы, біздің филология факультетінде өзіміздің білім алушылармен бірге шетел азаматтары да оқиды. Қазақстандық жастар жайында айтатын болсақ, олардың орта мектептен алған, бакалавриатта меңгерген білімдері, жалпы алғанда, көңіл қуан-




тады. Алайда ары қарай магистратура, докторантураға келгенде, өкінішке қарай, жастарымыздың білімі үстірт екеніне көз жеткіземіз. Көбіне жастар ғылым өлеміне терең үңілмей, тер төгіп еңбектенбей, бетін ғана сипағысы келеді. Олардың теориялық білімі жақсы болғанымен, практикалық талдаулар мен эксперименттерге келгенде абдырап қалады. Сондықтан бізге, оқытушыларға, осы осал тұсымызды әлі де ойланып, жетілдіруіміз керек секілді. Ғылымға жүрдім-бардым қарауға болмайды. Оған кездейсоқ келуде абырой әпермейді. Демек, ғылымға мойын бұратын адам «жүз ойланып, мың толғанып» барып қадам басқаны абзал.

5. Әр заманның өзіндік даму ерекшелігі болады. Біз қазіргі қоғамды «қағаз түрінде баспадан басып шығарылатын кітаптардың оқылмай қалғанынан сауатсызданып барады» деп топшылауымыз қаншалықты дұрыс екеніне күмәнім бар. Қағаз кітаптарды алмастыратын қаншама электронды ақпарат көздері пайда болды. Соған қарай бейімделуіміз керек. Қазақ тілінде көркем шығарма болсын, ғылыми әдебиет болсын, қандай да бір ақпаратты тұтына алатын сапалы сайттар, қосымшалар, арналар көбейіп, қолжетімді болса, сауаттылық арта түсері сөзсіз.

Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультетінде белгілі қоғам қайраткері, ғалым-тарихшы және қоғамтанушы, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі, белгілі аудармашы, тарих ғылымының кандидаты, Мадрид (Испания) университетінің профессоры Самат Өтениязовтың 75 жылдық мерейтойына арналған «Әлем әдебиеті мен мәдениетіндегі Аттила тұлғасы» тақырыбында халықаралық ғылыми конференция өтеді.



Атилланы әлемдік деңгейде ЗЕРТТЕУШІ

бірінші проректор) болған (1998-2003). Абылай хан атындағы Әлем тілдері университетінде және Қазақ-Америка университетінде испан тілі және латын тілінен сабақ берді (2003-18). 2018 жылдан бері Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да испан тілінен сабақ береді.

С.Өтениязов ұлттық және әлемдік тарих, халықаралық қатынастар, әлеуметтік-гуманитарлық мәселелер бойынша 600-ден астам ғылыми және ғылыми-көпшілік еңбектер мен мақалаларды жарыққа шығарды. Ғалымның еңбектері посткеңестік елдерде, Қытай, Түркия, Венгрия және т.б. елдерде жарияланған. Қазақстан мен жақын және алыс шетелдерде өткен 400-ден астам халықаралық, республикалық ғылыми-теориялық және ғылыми-практикалық конфе-

ренция, конгресс, дөңгелек үстелдер мен семинарлардың қатысушысы.

Самат Көшенұлы жоғары оқу орны білім алушыларына арналған Испан тілі оқулығын (Практика перевода испанского языка), «Рим мен Хун империялары арасындағы дипломатиялық қатынастар» оқу құралын жазды. Испан тілінің бірнеше электрондық оқулықтары бар.

Ғалымның испан, орыс, шағатай тілдерінен аударған көлемді кітаптары бар. Аударма саласындағы еңбектері үш саладан тұрады. Ромуло Гальегостың (Венесуэла) «Донья Барбара» романын испан тілінен аударған. Дүниежүзінің барлық тілдеріне аударылған және ең көп басылып шыққан осы романның үзінділерін С.Өтениязов республикамыздың газет-журналда-

рында жариялады. ҚР Мәдениет министрлігінің тапсырысымен 2012 жылы толық жарық көрді.

Орыс тілінен аудармалары негізінен Ш.Уәлихановтың еңбектері болды. Ол аудармалар 1985 жылы ұлы ғалымның 150 жылдық мерейтойын ЮНЕСКО көлемінде тойлаған кезде баспа бетінде жарияланды. Шағатай тілінен Қадырғали Жалаиридың «Шежірелер жинағы» атты еңбегін аударып, 1997 жылы «Қазақстан» баспасынан жариялады. Отандық тарих пен әдебиет саласынан іргелі зерттеулер жасады. Атилланың әлем әдебиетіндегі орнын кең көлемде зерттеген ғалым (жеті кітаптың авторы). Ғылыми тұрғыдан «Аттила және оның Еуразия тарихындағы орны» атты екі томдық монографиясы «Атамұра» баспасынан (2024) қазақ тілінде, Түркияда түрік тілінде шықты (2025).

Қазақстандағы шоқтанушы ғалымдардың көшбасшысы, Ш.Уәлиханов туралы «Шоқан өскен орта» (1996), «Шоқанның ғылыми мұралары» (2025) еңбектерінің авторы, Қазақ мемлекеті мен билер институтының зерттеушісі.

«Qazaq universiteti» газеті мерейтой иесін құттықтай отырып, төмендегі мақаласын жариялайды.

Ватикандағы Аттила бейнелері. Жасасын, Алгарди!

Христиан дінінің ордасы Ватиканда біздің бабамыз Атилланың бейнесі жасалған тарихи суреттер бар. Олардың негізгі міндеті христиан дінін мадақтап, Аттила сынды Еуропа тарихындағы ұлы адамдар – А.Македонский, Ю.Цезарьмен қатар тұратын ғұн патшасын мұқатуға арналған. Еуропада тоғыз ғасырдан астам уақыт үстемдік жүргізген христиан діні қайта өрлеу (ренессанс) басталғанда қиюы кетіп ыдырай бастады. Сол кезде христианствоны көтермелейтін сюжеттерге арнап ескерткіштер жасауға көптеген өнер майталмандарын тартып, тапсырыстар берілді. Сонда «452 жылы өз әскерімен Рим қаласына кірмеген ұлы қолбасшы Атилланы тоқтатқан Леон I» деген тақырыпқа бейне жазуды Рафаэль Сантиске (1483-1520) тапсырады. Сол тарих ақиқатын бұрмалап, Рим папасын құдіретті етіп көрсететін сурет Ватикандағы Элиодар залында әлі тұр. Бұл бабамыз Аттила көрсетілген алғашқы сурет фреска болса, одан кейін де талай өнердің шыңына бағалайтын ерекше туындылар Еуропада дүниеге келіп жатты. Аталған картинамен біздің қазақ оқырмандары көптен таныс. Сөз жоқ, құдіретті туынды.

Автор қанша реалист болса да, христиан өкілі және осынау картинаны сол христиан дінінің үлкен орталығының, яғни Рим папасы Юлий II-нің тапсырысымен жасағаны тарихи шындық. Сондықтан автордың алға қойған міндеті Атилланың құдіреттілігі емес, христиан дінінің Леон I-дің құдіреттілігін көрсету болатын. Әрине, автор



Мүсінші Алехандро Алгарди



Аттила мен Леон I хундар мен германдықтарды Рим қаласына кіргізбей тұрғаны бейнеленеді. Леон I Атилланың етегінен ұстап отыр



Леон I. XIX ғасырдағы Франция энциклопедиясынан алынған фото

Леон I-ді шын мәнінде құдіретті етіп көрсетіп, дүниеге паш етті. Сонымен қатар хун патшасын да керемет етіп көрсетуге мәжбүр болды. Осындай құдіретті хун патшасын Рим қаласына кіргізбеген, яғни хундар тонауынан сақтап қалған Леон I деп көрсеткен.

Шындығында, олай емес. Леон I Атиллаға «қалаға кіріңіз» деп алдында құрақ ұшып, бас иіп, хун патшасын қарсы алған еді. Егер Аттила қалаға кіргісі келсе, оны ешқандай күш тоқтата алмас еді. Оның қалаға әскермен кірмеуінің неше түрлі себебі бар. Өйткені ол осы қалада өзі студент болып білім алған еді. Сондай-ақ «мәдени орталық, мәңгі

қала, қасиетті астана Римді тонады» деген жаман аттан сақтанғаны еді. Жаман аттан сақтанатын себебі – бұл қалаға одан бұрын герман шапқыншылары әлденеше рет шабуыл жасады. Бірақ бәрі кіріп, тонап алған жоқ еді. Тек 410 жылы Аларих басқарған вестготтар кіріп, тонаған еді. Ал осы оқиғадан соң, яғни Аттила Римге кірмей кеткен соң, екі жылдан кейін, 454 жылы Римнен Солтүстік Африка мен Испанияны тартып алған герман тайпасы вандалдар королі Жансерик Римге жақындап келгенде алдынан осы Леон I шыққан еді. Оның не айтқанын құдай біледі, әйтеуір, Жансерик өз әскерімен қалаға

кіріп, қырып-жойып, тонап, мыңдаған римдікті құлдыққа айдап кеткен еді.

Қысқасын айтқанда, осы оқиғалар тек Атилланың адамзат тарихындағы мәртебесін көтерген үстіне көтере береді. Осы сюжет Еуропада миллион рет жазылды. Алайда шындықты көрсеткен ғұламалар да баршылық. Сол керемет өнер туындыларының бірі – мына Алехандро Алгарди жасаған мүсін өнерінің біріне көз салайық.

Ватикандағы осы картинаны да «Леон папа Атилланы қалаға кіргізбей қайтарды» деп Еуропада көп жазылды. Шындығында, ол керісінше, Аттила герман тайпаларын кіргізбей

тұр, ал Рим папасы Леон Атилланың етегінен ұстап тығылып отыр.

Мұны жалғыз біз айтқан жоқпыз. Сонау XIX ғасырда француз ғалымдары дәлелдеді. Француз энциклопедиясынан алынған фотонь қараңыз.

Рим папасын алдап, шындықты мәңгілікке айқындап кеткен А.Алгарди (1594-1644) өз есімін алтын әріппен жазып кетті. Жасасын, Алгарди!


Ватикандағы мүсін өнерінің керемет үлгісінің фотосын біз Алматыға 1978 жылы алып келдік. Алматыда алғаш рет 2000 жылдан мына кітаптарда басылып шықты: Аттила. А. «Арыс» 2000.; Аттила. А. «Қазақ университеті», 2021; Аттила... А. «Атамұра», I том. 2023.

XVII ғасырдағы Италиядағы белгілі архитектор әрі мүсінші Алехандро Алгарди есімі Еуропа өнерінде өшпес із қалдырды. Осындай аса маңызды, көкейкесті шындықты айту тек француз ғалымдарының ғана қолынан келді. Франция Еуропадағы ең демократиялық ел болды. Аттила мен хундар тарихын Еуропа зерттеушілері христиан дінінің нұсқауымен біржақты жазған еді. Соларға шындықты айтып, революция (төңкеріс) жасаған Амеди Тьерри (1797-1873): «Адамзат тарихында Аттила есімі А.Македонский мен Ю.Цезарь қатарынан орын алды», – деп әділ бағасын берген француз ғалымы еді.

Самат ӨТЕНИАЗОВ,
т.ғ.к., Шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасы

ҰШҚЫР ҚИЯЛ, КЕТТІҢ АЛЫС...

Маңайына мейірім шуағын шашып, айналасына жақсылық тілеп жүретін жаны жайсаң адамдар болады. Өмір бойы жоғары мектепте ұстаздық етіп, шәкірт тәрбиелеген фантаст-жазушы Абдул-Хамид Мархабаев ағамыз сондай адам еді. Ол өзінің жанашырлығымен, аталы сөздерімен, әдемі әзілдерімен, орынды юморларымен алдынан өткен мыңдаған шәкірттерінің есінде жақсы адам ретінде қалды. Жасы кіші әріптестері Әбеке деп еркелесе, тұстастары оны Хама деп сыйлайтын. Оның тосыннан айтып қалатын арқалы афоризмдері, еріксіз езу тарттыратын зілсіз әзілдері ел арасына жайылып кеткен.



Абдул-Хамид Мархабаев – қазақ әдебиетіндегі фантастика жанрының тарихы мен теориясын зерттеуші тұңғыш ғалым. Ол ғылыми атаққа ерте жеткенімен, докторлық еңбегін кеш қорғады. «Қолыңды әкел, Келешек! Қазақ фантастикасы: кеше, бүгін және...» (1978), «Қазақ фантастикалық әдебиеті» (1998), «Қиялгер қисындары» (2002), «Қазақ фантастикасының поэтикасы» (2008) сияқты докторлық еңбекке тұрарлық көлемді монографиялар авторға зерттеуші мәртебесін бергенмен, ғылыми атақты қорғау үшін қосымша еңбектену керек болды.

тастикасының поэтикасы» (2008) сияқты докторлық еңбекке тұрарлық көлемді монографиялар авторға зерттеуші мәртебесін бергенмен, ғылыми атақты қорғау үшін қосымша еңбектену керек болды. Осылайша Әбекең жетпіске таяған шағында, 2006 жылы филология ғылымының докторы дәрежесін алуы үшін «Қазақ әдебиетіндегі фантастика поэтикасы» деген тақырыпта диссертация қорғады. Бұның өзі үлкен ерлік, табандылық дер едім.

«Сабыр түбі – сары алтын» деп қазақ бекер айтаған» деп отыратын Әбекең. Өзі ешқашан қатты ашуланған адам емес, ашу шақыратын жерде мәселені ойлы әзілге айналдырып, түйінді оңай шеше салатын, қандай да болсын тығырық жағдайларды юмормен орнына келтіретін. Сонымен қатар алған бетінен қайтпайтын бірбеткейлігі де бар-тың. Бір жағынан, жас кезінен соғыстың ауыртпалығын көріп, қиындықта өскен баланың мінезі осылай қалыптасуы заңды да шығар. Бір әңгімесінде Әбекең: «Арал қаласынан әріректен Көкарал деген жерде дүниеге келдім. Қазір ол арал жоқ, материкке ұласып кеткен. Туған жер деген ыстық қой, ұмытыла бастаған кейбір жайттар есіңе түседі. Әкеміз соғыстан оралмады. Мен ол кезде жас баламын, кескіні есімде емес-емес қалыпты. Кейіннен Арал қаласына көшіп келдік. Шешем наубайшы болды. Соғыс кезіндегі қиыншылықтарды сезініп өстік. Өлі есімде, шешеміз кешкісін жұмыстан келгенде мұз болып қатқан қара нанды пештің үстіне жылытуға қоятын. Аштық-

та талғажау болған қасиетті қара нанның дәмі әлі күнге дейін аузымнан кетпейді», – деп еді.

Сол кездерде маған берген өзінің кітабына жазған қолтаңбасында: «Сендерге үлгі болуға тырысып жүргенімді білсең ғой, Қайрош! Құрметпен А.-Х. Мархабаев» деп қол қойыпты. Ондағысы – «қартайғанда докторлық диссертациямды қорғадым» дегені. 1971 жылы кандидаттық диссертацияны қорғаған болса, докторлығын 35 жылдан кейін қорғады. Басқалар болса қолын бір сілтер еді, ал Әбекең ондай емес. Ол өмірінің соңына дейін еңбек етті және сол табандылығының арқасында көп нәрсеге қол жеткізді. ҚР Білім және ғылым министрлігінің, соған қоса, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің озық оқытушысы атағы мен төсбелгілерін иемденді. Жетпістен асқан шағында республикалық жоғары оқу орындары бойынша «Жылдың үздік оқытушысы» атанды. Бертіңге дейін оның ғылыми-фантастика жанрында жазған кітаптары баспадан шығып жатты. «Жазушы» баспасынан 2011 жылы шыққан «Қазақ қиялының «жүріс-тұрыстары» кітабын, «Фантастика жанры: тарих және теория» атты жоғары оқу орындарының гуманитарлық факультеттері мен бөлімшелеріне арналған монографиясын студенттер оқулық ретінде пайдаланады. Педагог-әдіскер дәрежесінде «Ислам=Ғылым+Журналистика», «Ислам ілімі – Ғылым алгоритмі» оқулық кітабын жазды.

Қайтыс болардан бір жыл бұрын Әбекеңнің 75 жылдығы өзі қызмет істеп жүрген ортасы – журналистика факультетінің ұйымдастыруымен кең көлемде атап өтілді. Халықаралық ғылыми конференция ұйымдастырылды, оған шетелдерден бір топ ғалым қатысты. Профессор Абдул-Хамид Мархабаевтың артында томтом фантастикалық шығармалары, ғылыми зерттеулері қалды.

«Жақсымен өткізген жарым сағаттың өзі жарты ғұмырға татиды» деуші еді ғой бабалар. Осы Әбекең сияқты аяулы азаматтарды меңзеп айтылған сөз шығар. Ұстанымы жақсы ұстаз, ғибраты мол ақылшы болған Абдул-Хамид Мархабаевтай ағаммен өмір жолында ұшырасқаным «тәуба» деймін. Сіз қашанда шәкірттеріңіздің жадында жүресіз, құрметті ұстаз!

Қайыржан ТӨРЕЖАН



Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған жолдауында 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялады. «Осы уақыт ішінде техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалау қажет. Әрі біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз», – деді Мемлекет басшысы.

ЖҰМЫСШЫ ЖЫЛЫНЫҢ ЖАҢАЛЫҒЫ



Таяуда ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек 24 қз. арнасының «Бетпе-бет» бағдарламасына Жұмысшы мамандықтары жылына қатысты мазмұнды сұхбат берді. Министр С.Нұрбек Президент тапсырмасымен жаңа төрт тетік басталғанын және олардың әрқайсысын жеке-жеке түсіндірді. Сонымен қатар «Серпін» бағдарламасы туралы да іске асырылып жатқан жұмыстардың біразын атап өтті.

Бұл жылдың негізгі мақсаты – еңбек нарығында сұранысқа ие білікті мамандар даярлауда колледждер мен жоғары оқу орындарының қызметін ұштастыру. Осы қажеттіліктерді айқындауда өткен жылы тоғыз атлас жасалса, биыл әр өңірге қажетті 11 мамандық атласы жасалып жатқанын айтып өтті. Мемлекеттік тапсырыстың моделіне сай, кәсіби стандарттар мен атлстың қажеттіліктерін тапшылықтармен ұштастыру. Осы орайда, 30 жоғары оқу орны өздерінің білім бағдарламаларын 100-ге жуық кәсіптік білім беруші колледждермен бірлесе жасап жатқан оқу орындарын атап өтті.

Өңірлік университеттердің дамуы бойынша 34 шетелдік ЖОО филиалдарының Ақтөбе, Петропавл, Өскемен, Тараз, Жетісу, Қызылорда, Ақтау т.б. қалаларда ашылуы талапкерлерге осы жылдан бастап таңдау беретіні өте жақсы жаңалық болды. Алдағы уақытта

алыс шетелге бармай-ақ, осы білімді Қазақстаннан да алуға болатынын, бірақ шет тілін жақсы меңгеру қажеттігін де баса айтты.

Министр жатақхана тапшылығының, мысалы, 82 мың төсек-орын тапшылығын 14 мың төсек-орынға қысқартғанын айтты. Білім алушылардың шәкіртақы мәселесі бойынша жыл сайын бакалавриат 20 пайызға, магистратура мен докторантура 15 пайызға өсіп өтті.

Алдағы 2028-2029 оқу жылында докторанттардың шәкіртақысы 500 мың болатыны ғылымда үлкен жаңалық ашудың бастамасы болар деп санауымыз. Жас ғалымдарға ел Президентінің жаңа 200 пәтердің кілтін табыстауы да еліміздің жастары үшін елеулі жаңалық. Олардың қатарында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жас ғалымдары да жаңа пәтердің кілтін алып, қуанышқа бөленді.

Қазіргі таңда білім аламын, оқимын деген жастарға үлкен мүмкіндіктер бар. Жастарымыз мемлекет үшін еңбек етіп, бәсекеге қабілетті бола алса, еліміз өркендеген мемлекетке айналатыны сөзсіз.

Шолпан ҚҰДЬЯРОВА,
PhD доктор

Гүлжамал
ҚОРТАБАЕВА,
ф.ғ.к.

Түркітану және тіл
теориясы кафедрасы

Eurasian Chemico-Technological Journal журналының бірінші санының жарыққа шыққанына 25 жыл толды. Журнал алғашқы күннен бастап Еуропа және Азия елдерінің химия және химиялық технология саласындағы ғалымдары арасындағы ғылыми байланысты дамыту және нығайту мақсатын көздеді. Журнал осы саладағы эксперименттік және теориялық зерттеулердің нәтижелерін жариялауға арналған. Басылымда жарияланатын мақалалардың мазмұны химия ғылымының басым бағыттары: бейорганикалық, органикалық, аналитикалық, физикалық, коллоидтық, макромолекулалық қосылыстар, биохимия, химиялық физика, нанотехнологияны қамтиды.

Бәсекелестік деңгейі жоғары журнал

Журнал Қазақстан мен ТМД елдерінде тек ағылшын тілінде шығатын және Elsevier B.V. баспа үйінің Scopus деректер базасына енгізілген алғашқы ғылыми басылым. 2011 жылы журнал SCImago Journal & Country Rank тағайындаған алғашқы импакт-факторға ие болды. 2023 жылы жарияланған осы рейтинг бойынша Q4 квартильге кіреді, SJR көрсеткіші 0,169-ға тең. Scopus деректер базасында журналдың 2023 жылғы CiteScore көрсеткіші 1,1 болды, 2025 жылдың 5 қаңтарындағы мәлімет бойынша бұл көрсеткіш 1,6-ға көтерілген. Басылымның химиялық инженерия саласындағы 2023 жылғы процентилі – 22, химия саласында – 20. 2020-



23 жылдар аралығында журналда 128 мақала жарық көріп, оларға 143 сілтеме жасалды. 2021-24 жылдар аралығында 114 мақала жарық көрсе, оларға жасалған сілтемелер саны 182-ге дейін өскен.

Журнал сондай-ақ беделді Clarivate Analytics компаниясының Web of Science Core Collection деректер базасында Emerging Sources Citation Index (ESCI) индекстеледі.

Журналдың редакциялық алқасының құрамында Германия, Ұлыбритания, Франция, Қытай, Жапония, Оңтүстік Корея, Ресей, АҚШ, Канада, басқа да таяу және алыс шетелдердің көрнекті ғалымдары бар. Журналдың аяғынан нық тұрып, халықаралық деңгейдегі ғылыми басылымдар арасында өз орнын алуға көрнекті ғалымдар, академиктер А.Г.Мержанов, Г.А.Толстикова, профессор Ю.Варнатц үлкен үлес қосты.

Басылымда химия, химиялық технология, материалтану бағыттары бойынша Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2021 жылдың 22 ақпандағы №130 бұйрығы бойынша ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдардың тізбесіне енгізілген. Гранттық ғылыми жобалардың, докторанттар мен магистранттардың диссертациялық жұмыстарының нәтижелері жарияланады. Журналдың 2024 жылғы сандарында Франция, Қытай, Марокко, Түркия, Ресей, Армения, Әзірбайжан, Қазақстан ғалымдарының мақалалары жарық көрген.

Бұл басылым сайтында мақала жібергісі келетін кез келген адам авторларға, редакциялық алқа

мүшелеріне арналған нұсқаулықтармен, мақалалардың мазмұны мен аңдатпасымен таныса алады. Журнал соңғы жылдары онлайн форматта жариялануда, жылына төрт нөмірі жарық көреді.

Бас редактор – Жану проблемалары институтының ғылыми жетекшісі, профессор Зұлқайыр Мансұров жетекшілік ететін редакция алқасы мен баспа ұжымының барлық мүшелерінің үйлесімді жұмысының арқасында журнал осындай көрсеткіштерге жете алды. 25 жылдан бері редакциялық алқа мүшелері журналдың жарияланым сапасы мен деңгейін көтеруге өз үлесін қосып, белсенді жұмыс істеп келеді. Олардың қатарында У.Маас (Карлсруэ университеті, Германия), О.Одавара (Токио технологиялық институты, Жапония), А.Захидов (Далласағы Техас университеті, АҚШ), ҚР ҰҒА академигі С.Әдекенов және т.б. бар.

Әлемдік Scopus базасына бүгінде 47 491 ғылыми журнал, Web of Science базасына 22 588 журнал кіреді екен. Scopus базасына қазіргі кезде қазақстандық 10 ғылыми журнал енгізілген. Осындай үлкен бәсекелестік арасында Eurasian Chemico-Technological Journal журналының да рейтингі жоғарылап, ғылым нәтижелерін жарыққа шығаруда өз үлесін қосып, әлемдік деңгейдегі журнал деген атқа лайықты қызметін жалғастырады деген сенімдеміз.

Ердос ОҢҒАРБАЕВ,
профессор,
журналдың бас редакторының орынбасары

Депрессия және

ОДАН ШЫҒУ ЖОЛДАРЫ

Эмоция – мидың өз-өзіне есеп берудің ежелгі көне заманынан қалыптасқан формаларының бірі. Эмоция нейротрансмиттерлердің, ең алдымен, серотонин, норадреналин, мелатонин, адреналин, мидағы арнайы рецепторларға әсер етуінің арқасында көрініс береді. Рецепторлар арасындағы өзара әрекеттесулердің болмауы не артық болуы, немесе бұзылуы эмоциялардың белгілі бір бұзылыстарын тудырады. Көбіне депрессияның туындау себебі – ұзақ уақытқа созылған шаршаудан болатын гормон тапшылығы.



шығу жолдары кешенді шараларды қолдануды талап етеді. Жасырын және жеңіл депрессия түрлерінде өз-өзімізге көмектесіп, депрессиядан арылу мүмкіндігі бар. Ол үшін мына әрекеттерді шарт ретінде орындау қажет: күніне аз көлемде төрт рет тамақтану; тәулігіне тұтынатын су көлемі 1,5 литрден төмен болмауға тиіс, өйткені депрессияда ағза құрғақтығы артады, тамақ ақуызға бай болуы тиіс, ол гормондардың қалыптасуына әсер етеді. Көкөніс пен жидек рационның ең аз дегенде 30-40 пайызын құрауы керек. Көбіне үй тамағы болғаны жөн.

Депрессия кезінде өз-өзімізді күту ауырлық етеді, мұндайда көп адам суға түсуден қалады. Бірақ емделуден бас тартпаған абзал, депрессиядан арылу үшін мүмкіндігінше жиі душ қабылдап, міндетті түрде ашық түсті киім кию маңызды.

Депрессия адамның қызығушылығын төмендетеді, өмір тоқтап қалғандай сезінеді. Соған қарамастан, депрессияға шалдыққан адам миға оттегі толық жетуі үшін өзін-өзі мәжбүрлеп бір мезгіл таза ауаға серуендеуге шығып тұруы қажет (аз дегенде 1-2 сағатқа). Дене шынықтырғанда, қимылдағанда бұлшық ет жұмысы ацетилхолин гормонын өндіріп, ми жұмысын жақсартады. Жақсы әуендерді, классикалық ырғақты әуендерді тыңдау да көмек береді.

Біз сау кезде әдетте фотоға түсуді жақсы көреміз, депрессияға шалдыққанда мұның үлкен маңызы бар, фотоға қараған сайын сол сәттегі көңіл күй бізге оралып, жағдайды жақсартуға ықпал етеді. Депрессия сезілгенде міндетті түрде бақытты сәттегі фотоларды жиі көру керек, мұның көмегі зор.

Депрессия кезінде жалғыз қалу қауіпті, мүм-

кіндігінше туыс, дос, әріптестер арасында болған жөн. Адам әлеуметтік ортаны табиғи түрде жақсы сезеді. Бұл психотерапияның бір әдісінде өте маңызды деп саналады: депрессияға шалдыққан адамның өз ішкі сезіміне баға беріп, оны атап отыруы өте маңызды. Мысалы, «қазір өзімде өкініш бар, болмаса біреумен сөйлесуге көңіл күйім жоқ» деген сияқты ауызша комментарий жасаған жөн. Адам өзінің сезімін атап отырғанда, оның дертке деген көзқарасы дұрысталады, ол емделуге ұмтылады. Осы атап өткен әрекеттер апта ішінде айтарлықтай жеңілдік бермесе, міндетті түрде дәрігерге бару керек.

Өкінішке қарай, көбіне біз орынсыз күдіктеніп, осы эмоция тапшылығынан өз бетімізбен шығуға тырысамыз. Жеңіл өтетін түрлерінде адам өзінің өзгергенін сезеді, сыни қарайды, алайда дәрігерге баруға асықпайды. Депрессиядан шығудың ең жеңіл жолы – психотерапевт, психиатрға емделуге жүгіну. Қазіргі заманда консультативтік медициналық карта толтырылады, кәдуілгі соматикалық емханада адам емделеді, диспансерлік тізімге қойылмайды. Сондай-ақ бүкіл ем-шаралар туралы дәрігер толық ақпарат береді, емделуге келісім алады. Депрессияны емдейтін заманауи психотерапевт, психиатр ұсынған дәрі-дәрмектер тәуелдікке апармайды, қысқа мерзімде пациенттің жазылуына көмектеседі. Орта болмаса, ауыр деңгейлі депрессияда (жатып қалған жағдайда) тек қана психиатр ұсынған емдеу арқылы жазылуға болады.

Қайныш БАЙМАҒАНБЕТОВА
Денсаулық сақтаудағы саяси және ұйымдастыру кафедрасы

OUR GRADUATE



I express my sincere gratitude To my mentors

Aibar Uali – an officer of the Ministry of Defense, an expert in Eastern studies and Iranian studies, the military rank - colonel. He was born on January 1, 1974, in the village of Koyrtas, Shalkar district, Aktobe region. In 1991, he enrolled in the Faculty of Oriental Studies at the Al-Farabi Kazakh National University, and in 1996, he graduated with honors, specializing in 'History and Oriental Studies'. Since 1996, he has served in the Armed Forces of the Republic of Kazakhstan. Since 2006, he has continued his work in the field of military diplomacy. He has held the position of military attaché at the

embassies of the Republic of Kazakhstan in Tajikistan, Iran, Afghanistan, and Russia, carrying out assigned tasks in defense and security. For his diligent service to the Fatherland, he was awarded the Order of "Aibyn" II degree.

- I am proud that I received an education and became the owner of a profession during the period when famous religious scholars Absattar Derbisali, philologist Leninshil Rustemov, Persian language specialist Karim Zeynali, and other academics from Kazakhstan, Tajikistan, Afghanistan, and Iran, who made a great contribution to enhancing my proficiency in the Persian language", - says Colonel Aibar Uali.

fields of history, linguistics, and literature has made an invaluable contribution to my deep knowledge. I also remember well the library staff, who were always ready to offer help, with their hardworking and moral qualities. I express my sincere gratitude to my first educators, scholars-linguists Leninshil Rustemov, Persian language specialist Karim Zeynali, and other academics from Kazakhstan, Tajikistan, Afghanistan, and Iran, who made a great contribution to enhancing my proficiency in the Persian language", - says Colonel Aibar Uali.

Профессионализм и преданность делу



Нина Петровна Сапаркина – это не просто имя, это символ преданности, мастерства и вдохновения для многих поколений студентов и коллег в области аналитической химии. На протяжении более сорока лет она служит маяком знаний и профессионализма, прокладывая путь к новым открытиям и достижениям. В 1979 году Нина Петровна с отличием окончила химический факультет КазГУ (ныне – КазНУ имени Аль-Фараби) по специальности «Химия». После завершения учебы она начала свою профессиональную деятельность в Казахском институте минерального сырья, где в период с 1979 по 1985 год работала старшим инженером. С 1985 года Нина Петровна работает в КазНУ имени Аль-Фараби, став неотъемлемой частью кафедры аналитической химии. Первые годы ее работы (1985-94) были связаны с деятельностью в специализированных лабораториях, где она овладела всеми основными физико-химическими методами анализа и внесла значительный вклад в развитие лабораторных исследований.

давателей и специалистов при разработке практических заданий и методических рекомендаций, а также постановке лабораторных работ по дисциплинам кафедры.

Нина Петровна активно участвовала в хозяйственных и исследовательских проектах кафедры и Центра физико-химических исследований при химическом факультете КазНУ. В сотрудничестве с коллегами она выполняла работы по пробоотбору, пробоподготовке и анализу почвы с территорий Казахстана, где происходили падения ракетноносителей. Нина Петровна активно участвовала в проведении курсов повышения квалификации, внося значительный вклад в повышение профессионального уровня сотрудников аналитических лабораторий предприятий Казахстана. В 2008 году ее заслуги были отмечены наградой «Почетный работник образования РК». Сегодня Нина Петровна – это не просто ведущий специалист кафедры аналитической, коллоидной химии и технологии редких элементов. Она – вдохновитель, друг и наставник коллег.

С 1994 года Нина Петровна была назначена на кафедре инженером первой категории. На этой должности она активно занималась организацией и совершенствованием лабораторных работ для студентов. Под руководством Нины Петровны лабораторные занятия по базовым курсам, таким как «Аналитическая химия», а также специализированным дисциплинам, включая «Методы анализа объектов окружающей среды» и «Анализ минерального сырья», стали востребованными среди студентов. Она активно участвует в учебном процессе, консультируя молодых преподавателей и специалистов.

Коллектив кафедры и Центра физико-химических методов исследования и анализа поздравляет Нину Петровну с 70-летним юбилеем. От всего сердца желаем Вам крепкого здоровья, неиссякаемой энергии и вдохновения! Пусть каждый день будет наполнен радостью, теплом, заботой близких и уважением коллег. Пусть все Ваши начинания продолжают приносить успех, а годы только прибавляют мудрости, счастья и душевного тепла.

Акмарал АРГИМБАЕВА,
Лейла КУДРЕЕВА,
ассоциированные профессора

Источник вдохновения для студентов

Я знаком с Рахимой Нуриден с середины 1970-х годов, с тех пор, как мы учились на факультете журналистики МГУ имени М.В.Ломоносова. Скромная, трудолюбивая и отзывчивая, она со временем стала для меня воплощением восточной девушки, глубоко преданной избранной профессии, науке и своему народу. Сегодня нашей дорогой однокурснице исполняется 70 лет. В этом возрасте, как правило, подводятся итоги трудовой биографии. Но когда речь идет о человеке, чья деятельность связана с журналистикой, литературой, искусством или наукой, это особый случай. Здесь уместнее говорить не об итогах, а о новых достижениях. Лично я не могу представить, чтобы моя однокурсница Рахима, достигнув 70 лет, вдруг сказала бы: «Все, я больше не буду работать, творить, развиваться, совершенствоваться». Нет, это исключено! Её жизнь – это постоянное стремление к познанию, неустанная тяга к самосовершенствованию и неизменная доброта. И этот путь не подвластен возрасту!

ОТ ПЕРВЫХ ШАГОВ К МЕЖДУНАРОДНОМУ ПРИЗНАНИЮ

Помню, после окончания учебы в Москве, Рахима Нуриден начала свою карьеру редактором на Казахском радио в Алма-Ате. И работа в сфере международной журналистики вскоре привела её в академическую среду, где она на протяжении многих лет преподавала и возглавляла кафедры журналистики в ведущих университетах Казахстана.

СТРАСТЬ К ОБРАЗОВАНИЮ И РАСПРОСТРАНЕНИЮ ЗНАНИЙ

Одним из самых достойных восхищения качеств Рахимы Нуриден была и остается её преданность образованию. Она занимала престиж-

ные должности в Казахском национальном университете, Евразийском национальном университете и Атырауском университете, воспитывая новое поколение журналистов, обладающих той же страстью к правде и объективности, которой всегда была верна сама. За годы работы она наставила, обучила и вдохновила на профессиональные свершения тысячи студентов. Её академическая деятельность охватывает широкий спектр: от научных статей до учебников и монографий по международной радиожурналистике. Исследования Рахимы Нуриден способствовали более глубокому пониманию роли СМИ в обществе и их влияния на религиозный и культурный диалог.

ОЧЕНЬ ЛИЧНОЕ О МОЕЙ ОДНОКУРСНИЦЕ...

Как журналист и преподаватель Рахима Нуриден всегда оставалась скромной и доброжелательной. Она всегда была готова выслушать, поддержать, поделиться своим бесценным опытом, будь то студенты, коллеги или друзья. Вспоминая наши студенческие годы, могу сказать, что я никогда не слышал от Рахимы плохого слова – не при какой погоде. Самое резкое, что она могла сказать о ком-то или о чём-либо, – это слово «маскара». Больше – ничего. Она никогда не ругалась.

ЖИЗНЕННЫЙ ПУТЬ, ОТМЕЧЕННЫЙ ПРИЗНАНИЕМ

Преданность своему делу, глубокий профессионализм и высокий уровень научных исследований Рахимы Нуриден были отмечены многочисленными наградами и почетными грамотами как на национальном, так и на международном уровнях. Среди них – благодарственные письма от университетов и многочисленных СМИ. Её вклад в радиожурналистику



стал неотъемлемой частью медиапространства Казахстана, а её исследования – весомым вкладом в понимание истории и будущего международного радиовещания.

ИСТОЧНИК ВДОХНОВЕНИЯ ДЛЯ БУДУЩИХ ПОКОЛЕНИЙ

В день 70-летия, от всей души поздравляя Рахимы Нуриден с этим знаменательным событием, я выражаю восхищение её многолетним и неутомимым трудом в сфере журналистики и науки, а также её вкладом в образование казахской молодежи. Личность Рахимы Нуриден – яркий пример того, как настоящий успех достигается ежедневной добросовестной работой, высоким профессионализмом, постоянным самосовершенствованием и упорным трудом, который, возможно, не всегда заметен на первый взгляд, но неизменно оказывает глубокое и долговременное влияние на общество.

Ак Вельсапар,
шведско-туркменский писатель,
член Союза писателей Швеции и
почетный член Международного
ПЕН-клуба, кандидат философских наук

Досжанның философиялық ФОТОАЛЬБОМЫ



Университеттің 90 жылдық мерейтойына орай, ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі «Farabi universiteti – 90» кітап-фотоальбомын әзірлеп, жарыққа шығарды. Фотоальбомдағы фотосуреттердің авторы – ҚазҰУ түлегі, Философия кафедрасының аға оқытушысы, PhD Досжан Балабекұлы.

Философия докторы Досжан Балабекұлы фото-өнерімен ондаған жылдар бойы қолы бос уақыттарда айналысады. Фотография – философияның хоббиі. Ол Қазақстан журналистер одағының, «Фотоөнер» қоғамдық бірлестігінің, Қазақстан авторлар қоғамының мүшесі. Бірқатар республикалық және халықаралық медиа байқаулардың жүлдегері. Бұдан бұрын Досжан Балабекұлының журналистика факультетінде оқытушысы Асылхан Әбдірайымұлымен бірлескен «Фотография өнері: тандамалы мақалалар жинағы» және «Фотожурналист анықтамалығы» анықтамалық сөздігі жарық көрген болатын. «Qazaq universiteti» газетінде бас редактор болып ұзақ жыл еңбек еткен Досжан Балабекұлы ҚазҰУ қалашығына қатысты ғажайып фототуындылардың авторы. Оның университет қалашығында түсірілген фотосуреттері бүгінде медиа кеңістікте кең таралған. Тіпті ҚазҰУ-дың шетелдердегі филиалдарында ілінген Досжан Балабекұлының авторлық фотосуреттерін көруге болады.

Философия докторы Досжан Балабекұлы фото-өнерімен ондаған жылдар бойы қолы бос уақыттарда айналысады. Фотография – философияның хоббиі. Ол Қазақстан журналистер одағының, «Фотоөнер» қоғамдық бірлестігінің, Қазақстан авторлар қоғамының мүшесі. Бірқатар республикалық және халықаралық медиа байқаулардың жүлдегері. Бұдан бұрын Досжан Балабекұлының журналистика факультетінде оқытушысы Асылхан Әбдірайымұлымен бірлескен «Фотография өнері: тандамалы мақалалар жинағы» және «Фотожурналист анықтамалығы» анықтамалық сөздігі жарық көрген болатын. «Qazaq universiteti» газетінде бас редактор болып ұзақ жыл еңбек еткен Досжан Балабекұлы ҚазҰУ қалашығына қатысты ғажайып фототуындылардың авторы. Оның университет қалашығында түсірілген фотосуреттері бүгінде медиа кеңістікте кең таралған. Тіпті ҚазҰУ-дың шетелдердегі филиалдарында ілінген Досжан Балабекұлының авторлық фотосуреттерін көруге болады.

Досжан оқытушылықтан тыс уақытында ҚазҰУ қалашығының басқалар байқай бермейтін керемет құбылыстарын объективпен ұстап алып, фотографияның керемет тілімен жариялап

отырады. Көпшілік сүйсіне тамашалап, әдемі көріністерден ләззат алатын фотосуреттердің арғы жағында қаншама еңбек, қаншама ізденіс жатыр?! Оны түсіну керек. Көркем фотосуретті түсіру, оның ракурсын табу оңай жұмыс емес, көп адамның қолынан келмейтін өнер деуге болады. Жұрт кешке жұмыстан қайтқанда ол үшін фотографияның алтын уақыты басталады. Фотосурет деген – фотообъективте қатып қалатын қасқағым сәт. Сол сәтті жіберіп алмайын деп, қас қарайғанға дейін ұтымды фотокадрларды іздейтін кезі болады. Таңғы елең-алаңда да солай. Кейде жұрт жұмысқа жиналып, үйінен шығатын кезде Досжан қалашықтағы фотожұмыстарын енді аяқтап жатады. Көп адамдар фото өнерін түсіне бермейді, сіз бен біз тамашалап қарайтын фотосуреттің қаншалықты уақыт пен кеңістікке байланғанын және оны сезінетін қандай түйсік, шынайы сүйіспеншіліктің керек екенін білу керек.

Қалың оқырманға ұсынып отырған «Farabi universiteti – 90» фотоальбомына Досжан Балабекұлының соңғы жылдардағы еңбегі жинақталып берілді. Мұндағы фотосуреттерде ҚазҰУ қалашығының жылдың төрт мезгіліндегі әр-

түрлі көрінісі бейнеленеді. Кампустағы оқу корпус-тары, спорт кешендері, тұрғын-жай ғимараттары әртүрлі ракурста табиғат құбылыстарымен астасып, ерекше көркем тәсілмен беріледі. Кітапты парақтап отырсаңыз, көп тылсым дүниені парықтайсыз. Бір суретте Алатаудың ақбас шыңы қою қараңғы түнмен ұштасып, студенттер қалашығының төбесінен шаншылып қарап тұрса, екіншісінде аппақ қарға малынып маужыраған қалың орманды көресіз. Кампус аумағында Досжанның нысанасына тұз тағысы түлкі, орман тұрғыны тиіндер де ілініп тұрады. Көк аспандағы жөңкіліп жатқан ақбауыр бұлттарды да, тіпті жасынның жарқылын да Досжан бір мезетке сыйдырып, уақытты тоқтатып, алдарыңызға жайып салады.

Бұл кітап-фотоальбом Досжан Балабекұлының өзі оқыған, бүгінде ұстаздық етіп жүрген қара шаңыраққа тартуы. Университет ректоры Жансейіт Түймебаев ғылым және жоғары білім саласына сіңірген ерен еңбегі және Қазақ ұлттық университетінің өркендеуі мен дамуына қосқан зор үлесі үшін философия және саясаттану факультетінің аға оқытушысы, PhD Досжан Балабекұлын «Әл-Фараби» алтын медалімен марапаттады. Бұл университетке шын сүйіспеншілікпен еңбек етіп жүрген жас ғалымға үлкен қошемет, қолдау деп білеміз.


Қайыржан ТӨРЕЖАН



Ұстаздың мінез-құлық нормасы мынадай болуға тиіс: ол тым қатал да, тым ырыққа да жығыла бермеуі керек. Өйткені тым қаталдық шәкіртті өзінің ұстазына қарсы қояды. Ал тым ырыққа көне беру ұстаздың қадірін кетіреді. Оның берген сабағы мен ғылымына шәкірті селқос қарайтын болады.

Өнер мұражайының ӨРНЕГІ

ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетіне биыл 100-ден астам қандастар мен шетелдік тыңдаушылар қабылданды. Олардың көбі Қытай, Моңғолия, Өзбекстан, Иран, тағы басқа мемлекеттерден келді. Қазақстан егемен ел болғалы толассыз келіп жатқан қандастарымызды және шетелдік тыңдаушыларды жаңа ортаға бейімдеуде ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының негізгі мақсаты – Қазақстанның тарихы, мәдениеті, әдебиетімен таныстыру. Осы мақсатта «Өлкетану» үйірмесі аясында Қазақстанның түрлі мәдениет орталықтарына саяхат жасап, тарихи мұражайларды таныстыру – пән оқытушыларының міндеті. Осыған орай, Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының тыңдаушылары Тұрақты даму мақсаттарының (ТДМ-11, ТДМ-4) аясында Алматы мұражайларына саяхатқа шықтық.



Солардың бірі – Ә.Қастеев атындағы өнер мұражайы. Ғимарат сыртында Әбілхан Қастеевтің тастан қаланған мүсіні тұр. Мұражай іші кең, жарық. Екінші қабатқа көтерілген кезде көзге таныс, көңілге ыстық қазақтың ұлттық ер-тұрманы, алдаспаныштық түрлері, текемет, тұскиіз, кебеже, ұлттық киімдерден сәу-келе, қалыңдық көйлегі т.б. жәдігерлер қойылған. Келесі залға көркемсурет туындыларының көрмесі қойылған екен. Музейдің қоры өте бай. Көрмеде Қазақстан, Ресей, Еуропа, Америка, сондай-ақ Шығыс елдері халықтары суретшілерінің кескіндеме, графика, сәулет өнерінің баға жетпес жұмыстары бар.

Музейдің экспозициясы әр халықтың мәдени байлығы мен ерекшелігін көрсететін жәдігерлер арқылы әлемдік өнердің негізі мен даму сатыларын байқауға болатын тарихи хронологияға негізделген. Жан-жағыңнан қоршаған картиналарға қарап, әр уақыттың тыныс-тіршілігіне куә боласың. Өлкетанудың тарихы осындай жәдігерлерге толы екенін көрген тыңдаушылар да қуанышты күйде болды. Атамекенге білім іздеп келген қандастар осындай мәдени-тарихи іс-шараға өте риза.

Гүлнәзира МУЖИГОВА,
Меруерт ИБРАГИМОВА,
Жоғары оқу орнына дейінгі
дайындық кафедрасының
оқытушылары

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: kaznugazeta@gmail.com
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.